



CALCULATION OF TEMPORARY DIFFERENCES AND ACCOUNTING OF DEFERRED TAX

R.N. Nurgalieva^{1*}, S.T. Mirzhakypova², Yu.A. Veriga³, E.V. Koba⁴

¹Karaganda University of Kazpotreboysuz, Karaganda, Kazakhstan

²ASSA-Narxoz, Almaty, Kazakhstan

^{3,4} National University "Poltava Polytechnic named after Yuri Kondratyuk", Poltava, Ukraine

e-mail: nrm51@mail.ru

Summary. We offer a certain sequence of these calculations, the recognition procedure, the calculation model and the procedure for reflecting them in the accounting. Under the conditions of application of IFRS No. 12, the effect of temporary differences is calculated by comparing two balance sheets: accounting and tax, hence it is called the Balance Sheet Method, the calculation of IT, IT and deferred tax. In this article, we consider examples of calculating IT, IT and deferred tax using the balance sheet method. We hope that these calculations complement and enrich tax planning and subsequent analysis of financial reporting indicators.

When preparing the calculation of temporary differences and deferred taxes, we suggest that you follow the sequence of a number of settlement procedures. Deferred tax accounting is simplified when a business transaction is recorded both for accounting purposes and for tax purposes in one reporting period. Deferred tax assets and liabilities should be measured based on tax rates under the tax laws of the Republic of Kazakhstan at each reporting date. Companies can offset current tax assets and current tax liabilities.

Key words: taxes, profit, temporary differences, income tax, deferred tax, calculations.

МРНТИ 06.35.31

УДК 336.14

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-1.34>

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

*Г.К. Нурғалиева¹, Л. А. Омарбакиев², У.К. Дәжақишева³,

А. К. Низамдинова⁴, М.Б. Сейдуанов⁵

^{1,4,5}әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

²Туран Университеті, Алматы, Қазақстан

³Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

email: zolota08@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит жүйесін трансформациялау және реформалау үдерісі жүруде. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған уақыттан бері 5 жылдан аса уақыт өтсе де, бұл жүйенің толық қалыптасуы үшін ұзақ мерзім емес. Алайда, әлі де түйіні шешілмеген мәселелер баршылық. Осы айтылып кеткен мәселелердің көпшілігі белгілі және бірте-бірте шешілуде. Мақаланың негізгі түпкі мақсаты осы бағытта атқарылып жатқан іс-қимылдарды сынға алу емес, керісінше осы бағыттағы өзекті мәселелерді құрылымдап, реттеуге талпыныс жасау болып табылады. Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың негізгі қағидалары, түрлері, жүргізу әдістері, мәселелері және оны жетілдіру жолдары қарастырылған.

Мемлекеттік аудиттің басты мақсаты - бюджеттегі халықтың қаражаттарын, мемлекет пен квазимемлекеттік ұйымдардың активтерін басқару және оларды тиімді пайдалану деңгейін арттыру.

Мемлекеттік аудиттің және мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі қағидалары: тәуелсіздік, объективтілік, кәсіби құзыреттілік, құпиялылық, ашықтық, жариялылық, аудит пен бақылау нәтижелерін өзара тану.

Түйін сөздер: Есеп комитеті, Мемлекеттік аудит, мемлекеттік қаржылық бақылау, тексеру комиссиялары, бюджет қаражаты, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор, ішкі аудиторлық қызмет, ішкі қаржылық бақылау, мониторинг, ревизия.

Негізгі ережелер. Мемлекеттік аудиттің пайдасы экономикалық саясаттың дұрыс жүзеге асуы мен мемлекеттің, аудандардың, салалардың бюджет қаражатын тиімді басқару деп айтсақ болады. Қазақстандағы мемлекеттік аудит шетел тәжірибесіне сүйене отырып қаржылық есеп беру аудитін, сәйкестік аудитін және тиімділік аудитін қамтиды.

Мемлекеттік аудиттің басты мақсаты - бюджеттегі халықтың қаражаттарын, мемлекет пен квазимемлекеттік ұйымдардың активтерін басқару және оларды тиімді пайдалану деңгейін арттыру.

Мақаланың негізгі мақсаты осы бағытта атқарылып жатқан іс-қимылдарды сынға алу емес, керісінше осы бағыттағы өзекті мәселелерді құрылымдап, реттеуге талпыныс жасау болып табылады.



Кіріспе. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР-ның заңы 2015 жылы 12 қарашада күшіне енген болатын. [1] Әрине, мемлекеттік аудит жүйесін толыққанды құрылымдау үшін бұл аса көп уақыт емес. Әлі де шешілмеген көптеген мәселелер бар. Дегенмен, осы мәселелердің көпшілігі белгілі және бірте-бірте шешіліп келеді..

Баршамызға мәлім болғандай, мемлекеттік аудиттің басты мақсаты бюджеттегі халықтың қаражаттарын, мемлекет пен квазимемлекеттік ұйымдардың активтерін басқару және оларды тиімді пайдалану деңгейін ұлғайту болып табылады. [1] Бұл мақсатқа мемлекеттік басқару жүйесінің жеке элементтерін біртіндеп жетілдіру арқылы және де аудит объектілеріне (тексерілгелі отырған мекеме) бағытталған аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша мемлекеттік аудиторлардың берген ұсынымдарының орындалуы арқылы қол жеткізілетіні сөзсіз.

Мемлекеттік мекемелерді бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар тарапынан жүргізіледі. [2]

Жалпы тарихқа шолу жасайтын болсақ, «Мемлекеттік аудит» – шараушылықты бақылау нысаны ретінде Англияда 13-14 ғ.ғ. пайда болды. 1324 жылы Эдуард II үш мемлекеттік аудиторларды тағайындаған болатын. Тағайындау туралы қаулыда мемлекеттік аудиторлар сұрау салуға, тыңдауға және Англиядағы барлық шоттарды тексеруге, шоттарды жүргізу бойынша кемшіліктерді анықтауға міндетті болды. [3]

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында авторлар ғылыми мақаланың мазмұнын ашу үшін жүйелі көзқарас, салыстырмалы теориялық және тәжірибелік талдау, топтастыру және бақылау сияқты әдістерін қолданды.

Талқылау мен нәтижелер.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит жүйесін реформалау және трансформациялау процесі жүргізілуде. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР-ның Заңы (бұдан әрі - Заң) қабылданған уақыттан бері 5 жылдан аса уақыт өтсе де, бұл жүйенің толық қалыптасуы үшін ұзақ мерзім емес. Жүрілген жолды бағалау және жауабы әлі шешілмеген мәселелерді жүйелеуге тырысу қызықты екені бәрімізге белгілі. Осы айтылып кеткен мәселелердің көпшілігі белгілі және бірқалыпты шешілуде.

Баршамызға мәлім болғандай, мемлекеттік аудиттің басты мақсаты бюджеттегі халықтың қаражаттарын, мемлекет пен квазимемлекеттік ұйымдардың активтерін басқару және оларды тиімді пайдалану деңгейін ұлғайту болып табылады. [1] Бұл мақсатқа мемлекеттік басқару жүйесінің жеке элементтерін біртіндеп жетілдіру арқылы және де аудит объектілеріне (тексерілгелі отырған мекеме) бағытталған аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша мемлекеттік аудиторлардың берген ұсынымдарының орындалуы арқылы қол жеткізілетіні сөзсіз. Осы орайда, мемлекеттік аудит жүйесі біздің қоғамымызда ерекше рөл атқарады және де осы аталған рөл өзі аса тиімді болуы үшін қосымша талаптарды жүктейді. Қарапайым тілмен айтар болсақ, жетілдіру жолдарын басқа мекемелерге ұсынуға моральдық құқыққа ие болу үшін базалық компоненттерде өзіңіздің кемелділікке жетуіңіз керек.

Осы күні аудиторлар мемлекеттік басқарудың әртүрлі бағыттарына қатысты тиімділік аудитін жүргізіп отыр және де сол тексеріс нәтижесінде аудиттелген объектіге конструктивті ұсынымдар беруде. Егер олар өздерінің мемлекеттік аудит жүйесіне байланысты әділ және объективті тексеру жүргізе алуға мүмкіндіктері болғанда, олардың ұсынымдары жобамен қалай болушы еді? Осы қызықты сұрақты талқылап көрелік [4]

Ол үшін талдаудың келесідей классикалық моделі ұсынылады. Олар:

- жүйені мәнді компоненттерге бөлу;
- әр компоненттерінің даму прогресі мен мәселелерін бағалау;

Мемлекеттік аудит жүйесіне төмендегідей мәнді компоненттерді айтуға болады:

- Тұжырымдамалық негіздері;
- Кадрлық ресурстары;
- Әдістемелері;
- Ұйымдастыру бойынша аспектілері;

Тұжырымдамалық негіздерге келетін болсақ, олардың маңыздылығы жүйенің дамуына серпін мен бағыт беретіндігінде екеніне көз жеткіземіз. Осы тұста, әңгіме мемлекеттік басқару процесінде мемлекеттік аудит жүйесінің рөлін заңнамалық тұрғыдан нақты бекіту туралы болып отыр. Осы аталған аудиттің классикалық моделі ресурстарды басқарып жатқандар мен олардың шынайы иелерінің арасындағы мүдделер қақтығысынан туындап отыр.

Бұл классикалық модель мемлекеттік басқару жүйесінде қолданылады және көптеген елдерде енгізілген. Біріншіден, бұл тәсіл мемлекеттік аудит жүйесінің тексерілетін жүйеден тәуелсіздігін болжайды. Есеп комитеті басшылығының басты жетістіктерінің бірі, тексерілген жүйенің қарсылығына қарамастан, тек жоғарғы үкіметтік аудиторлық органның ғана емес, сонымен қатар сыртқы мемлекеттік аудиттің аумақтық органдарының қаржылық және ұйымдастырушылық тәуелсіздікке көшуіне жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. [4]

Екіншіден, бұл тәсіл мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйелерін нақты бөлуді көздейді. Қаржылық бақылау жүйесі мемлекеттік басқару жүйесінің (ішкі өзін-өзі бақылау) ажырамас бөлігі болып



табылады, ал мемлекеттік аудит жүйесі басқару жүйесінен тыс болуы керек және басқару процесіне сыртқы ықпал (ұсынымтар) арқылы әсер етуі керек.

Үшіншіден, мемлекеттік аудит жүйесін ресурстар иелерінің мүдделерінің өкілі ретінде орналастыру мемлекеттік аудит органдары қызметіндегі ашықтықты арттыру қажеттілігін ұсынады. Бұл бағытта әлі де көп жұмыс атқару керек. Заңнамаға және мемлекеттік аудиттің жалпы стандарттарына сәйкес жариялылық, ең алдымен, аудит нәтижелерін мемлекеттік аудит органдарының веб-сайттарында міндетті түрде жариялауды білдіреді. Шұғыл талдау көрсеткендей, тексеру комиссиялары мен ішкі аудит қызметтері бұл қағидатты көп жағдайда формалды түрде жүзеге асырады. [1]

ҚР қаржылық бақылау жүйесінің үш негізге топқа бөлінеді. Олар: мемлекеттік қаржылық бақылау, қоғамдық қаржылық бақылау және тәуелсіз қаржылық бақылау жүйелері. Мемлекеттік тарапынан қаржылық бақылауды мемлекеттік бақылау органдары іске асырады. Олар: Президент жанындағы Есеп Комитеті, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық банкі және т.б. [5]

Кадрлық ресурстар (мемлекеттік аудиторлар) мемлекеттік аудит жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығы сөзсіз. Бұл, әсіресе, тиімділік аудитіне көшкен кезде байқалады. Сәйкестік аудитінің процесі техникалық жағынан онша күрделі емес. Оны жүзеге асыру үшін аудит объектісінің қызметінде алдымен бұзылуы мүмкін барлық маңызды құқықтық нормаларды анықтау және олардың сәйкестігін тексеру қажет. Сонымен бірге, аудитор үшін экономикалық шығындарға әкелетін нормалардың маңызы зор, және көбінесе аудиттің объектісіне қарамастан, бұл бірдей құқықтық нормалар болып табылады (бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу және т.б.). Осылайша, сәйкестік аудиторы болу үшін жақсы заңгер болу жеткілікті. [4]

Қаржылық есептіліктің аудитіне келетін болсақ, мұнда басты рөлді, біздің ойымызша, әдістеме атқарады және оны дұрыс ұстанған кезде, сондай-ақ бухгалтерлік есепті білгенде қаржылық есептілік туралы дәйекті қорытынды жасауға болады. Яғни қаржылық есеп берудің аудиторы болу үшін жақсы бухгалтер болу жеткілікті.

Ал тиімділік аудиті - бұл басқа мәселе. Оның жұмысындағы мақсат кез келген саланың тиімділігін бағалау және осы қызметті тиімдірек ету үшін ұсынымдар беру. Бірақ бұл өте қиын, өйткені қысқа мерзім ішінде мемлекеттік аудитор тексерілген ауданды ұзақ уақыт жұмыс істегендерге қарағанда жақсы түсінуі керек. Механизмді жақсарту туралы оның құрылымын түсінбей, пайдалы нәрсені ұсыну мүмкін емес. Сондықтан да, тиімділік аудитін жүргізетін аудитор зерттеу тақырыбын жақсы білетін зерттеуші болуы керек.

Соңғы кездері тиімділік аудитін жүзеге асыруға қатысты ең дұрыс қадамдардың бірі салалық тәсілді енгізу болды. Оны енгізгенге дейін сол салада жаңа аудиторлық топтардың бірнеше рет қайта құрылуы «велосипедті ойлап табу» сияқты бар нәрсені қайта ойластыру қажеттілігіне алып келді. Салалық тәсіл аудиторлық бағыттар бойынша сабақтастықты, білімді және әдістемені қамтамасыз етеді. Салалық көзқараспен шешуді қажет ететін жалғыз мәселе - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында ротация жүйесін құру.

Біз атап өткендей, тиімділік аудиті мемлекеттік аудиторлардың біліктілік деңгейіне үлкен талаптар қояды, бірақ біліктіліктің осы деңгейін ұстап тұру және тиісті сыйақысыз жоғары білікті аудиторлық корпусы қалыптастыру мүмкін емес. Мемлекеттік аудиторларды мемлекеттік қызметшілердің жеке санатына бөлу Есеп комитеті басшылығының елеулі жетістігі болып табылады және болашақта мемлекеттік аудит жүйесін дамытуға үлкен серпіліс беруі мүмкін.

Жалақының өсуі жүйеден ағылып кетуді азайтады және жоғары білікті мамандардың келуін арттырады. Осы орайда, аудиторлардың үздіксіз кәсіби даму жүйесін қалыптастыру маңызды. Мысалы, бизнес-процестерді дұрыс ұйымдастыра отырып, адам факторы онша маңызды рөл ойнамайтын кез-келген стандартты мемлекеттік органды елестетіп көрейік. Функционалды міндеттерді игере отырып, мемлекеттік қызметші жұмыс машинасының құрамдас бөліктерінің біріне айналады және оның әрі қарайғы кәсіби дамуына қойылатын талаптар айтарлықтай төмендейді. Ал әр жаңа аудиторлық іс-әрекетте мемлекеттік аудитор үнемі кәсіби дамуды қажет ететін білім мен дағдылардың жаңа үйлесімін көрсетуі керек. Ол үшін аудитор үздіксіз квалификациясын көтеріп отыруға мәжбүр болады.

Бүгінгі күнге дейін мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін арттырудың (дамытудың) тиімді жүйесі қалыптаспағанын мойындау керек. Оқыту негізінен қайта даярлау процесінде, сертификаттау пәндері шеңберінде жүзеге асырылады, ал сертификатталған аудиторлар үшін жүйелі, жүйелі өсуді қамтамасыз ететін курстар қарастырылмайды. Оның үстіне мемлекеттік аудиторлардың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы үшін ешқандай ынталандыру жасалынбаған. Мемлекеттік аудиторларды бағалаудың қолданыстағы жүйесі оларды аудиторлық іс-шаралардан кейін ғана қабылдайды және мемлекеттік аудитордың біліктілігін өзін-өзі жетілдіруі сияқты критерий оң бағаланбайды. Бағалауды жеке аудиторлық қызметтің нәтижелері бойынша ғана емес, сонымен қатар маңызды критерий ретінде біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету қажет болатын мезгіл-мезгіл жүргізген жөн деп санаймыз. Бұл сізге оқу мотивациясы жүйесін құрудың алғашқы қадамын жасауға мүмкіндік береді.



Мемлекеттік аудит органдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жүйесінің мақсаты болып табылады. Қазіргі уақытта сыртқы мемлекеттік аудит органдарында жұмыс істейтін сертификаттау жүйесі бұл мәселені шешпейді және бірнеше себептерге байланысты.

Біріншісі - білімді растауға уәкілетті ұйымның құқықтық мәртебесі заңды түрде бекітілмеген. Екінші себеп - оқытуды ұйымдастыру, тестілеуді жобалау және тестілеуді ұйымдастыру бұрынғы ұйымдардың шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл лекторлардың аудиторлыққа кандидаттарды оқыту үдерісі негізінде тест сұрақтарына дұрыс жауаптарды «жаттап» жатуына әкелетіні жасырын емес. Бұл жағдайда үміткерлердің оқу процесінде білімдерін жетілдіруге ынталары болмайды, ал оқыту ұйымдары, сәйкесінше, жүйелік деңгейде, оқу үдерісін үміткер осындай білімді алатындай етіп ұйымдастыруға ынталандырмайды. Тест сұрақтары бойынша ақпаратқа еркін қол жетімділік олардың білім деңгейінің нақты бағаланбауына алып келеді. Сайып келгенде, қажетті білімі мен дағдылары жоқ адамдардың сертификаттар алу қаупі бар. Үшінші мәселе, Сертификаттау ережелерінде қарастырылған пәндер тізімі мамандардың біліктілігіне мемлекеттік аудит жүйесінің негізгі қажеттіліктерін қамтымайды. Сертификаттау ережелерінің 24-тармағына сәйкес бес пән бойынша емтихан тапсыру көзделген (ХҚЕС, ҚСҚЕХС, сәйкестік аудиті, қаржылық есептілік аудиті, тиімділік аудиті).

Бұл пәндер тізімі, бірқатар елеулі кемшіліктерге ие. Белгілі бір бағыттар қажетсіз егжей-тегжейлі болып саналады, ал білімі қажет барлық облыстар тізімде қарастырылмаған. Сонымен, оқыту процесінде бухгалтерлік есеп пәндері ХҚЕС пен ҚСҚЕХС-қа сәйкес бөлек қарастырылады және бөлек оқылады. ҚЕХС пен ҚСҚЕХС арасындағы айырмашылықтар, әдетте, шамалы және стандарттарды толық үйлестірудің әлемдік тенденциясы байқалады. Осы пәндердің 90% -дан астамы бірін-бірі қайталайды, бұл тындаушылар арасында түсініксіздік тудырып, біраз шатасуларға әкеледі. Бухгалтерлік пәндерді біріктіру әлдеқайда пайдалы болар еді, өйткені негізгі бөлімдер (активтер, материалдық емес активтер, тауарлы-материалдық құндылықтар, есеп айырысулар, ақша қаражаттары және т.б. есепке алу) бірдей. Бұл жаттығу сағаттарын едәуір қысқартады және бірдей нәтижемен ақшаны үнемдейді. Сондай-ақ тізімді «Қаржылық-экономикалық талдау» сияқты пәндермен толықтыруды қажет. Мемлекеттік аудитордың білімдері мен дағдылары кең болуы керек. Инвестициялық жобаларды талдау, қаржылық есептілікті талдау, макроэкономикалық талдау сияқты дағдылар қажет.

Сонымен, келесі пәндер тізімі оңтайлы болып табылады: [4]

- 1) бухгалтерлік есеп;
- 2) мемлекеттік аудит;
- 3) бюджет қаражатын және мемлекет активтерін басқару саласындағы заңнамалар;
- 4) қаржылық-экономикалық талдау.

Әдістемелер.

2018 жылы мемлекеттік аудиторлар әдістемелерінің қолданылуына және қажеттілігіне талдау жүргізілген болатын. Талдау қорытындысы көрсеткендей, мемлекеттік аудиторлар қаржылық бақылау және сыртқы мемлекеттік аудит ережесін басшылыққа алған. Дегенмен, тәжірибе жүзінде өздерінің жұмысында әдістемелік құжаттар мен процедуралық стандарттарды қолданбаған. Бұл деген әдістемені құру кезіндегі бірыңғай әдістің жоқ болуымен байланысты болды. Осы әдістемелерге деген сұранысты арттыру үшін оның іс жүзінде қолданылуына ыңғайлы жағдай жасау керек. Есеп комитетінде нормативті қаулылар арқылы бекітілген әдістемелік құжаттар (процедуралық стандарттар) «Әділет» ақпараттық құқықтық базасында орналастырылған. Ақпараттық құқықтық базаның қызметі құжаттардың өзекті редакциясын жариялау және соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген құжаттарын пайдаланушы тұлғаларға ұсыну болып табылады. [5]

Ұйымдастыру бойынша аспектілері. Бұл жағдайда ең бірінші мемлекеттік аудиторларын материалдық-техникалық жабдықталу бойынша мәселесін айту керек. Іс-тәжірибе көрсеткендей, аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде қиындық алып келетін аудиторлық дәлелдемелерді іздеу емес, керісінше аудитор жақтан жасалатын шаралардың дұрыс екендігін дәлелдейтұғын леспе әрекеттер (тәуекелдерді анықтау, мәнділік деңгейін есептеу, таңдамалар жасау, экстраполяция және т.б.) болып табылады. Аты әлемге әйгілі аудиторлық компаниялардың (Ernst & Young, KPMG, Pricewaterhousecoopers, Deloitte) тәжірибесі көрсеткендей, аталған үдерістерді автоматтандыруға болады және автоматтандыру аудиторлардың уақытын біршама үнемдеуге көмектеседі. Қазіргі кезде бірыңғай ақпараттық жүйе жылдам дамуда және оның мемлекеттік органдар ақпараттық базасымен біріктірілу әрекеттері іске асырылуда. Бұл өз кезегінде, жоғары деңгейдегі талдауға мен аудитқа үлкен мүмкіндік береді.

Тағы да бір айта кететін мәселе, ол аудиторлық процедураларды орындау кезіндегі қағазбастылығы. Алынған аудиторлық дәлелдердің бәрін көшіру, нөмірлеу, тігу, тасу, кеңсеге жіберу және архивке сақтауға өткізу сияқты әрекеттер көп уақытты талап етеді. Бұл деген, әрине, ресурстарды тиімді пайдалану кезінде қымбатқа түсетін процесс. [6]

Қазіргі XXI ғасыр ақпараттық технологиялардың дамыған шағы. Біздің пікіріміз бойынша, осы аталған қағазбастылықты ақпараттық технологиялардың көмегіменен едәуір жеңілдетіп тастауға болады. Атап айтсақ, портативті қол сканерлерін немесе жоғары сапалы смартфондар арқылы дәлелдерді суретке



түсіріп, аудиторлық дәлелдемелер үшін құжаттарды қағазға көшірудің орнын ауыстыру керек. Десе де, ең басты қиыншылықтардың бірі, сканерленген құжаттың шынайылығын растау болып тұр. Ол үшін мемлекеттік органның құжаттау кезінде (ЭЦП) электронды цифрлы қолдарды жиі қолданысқа енгізу қажет. Жалпы айтқанда, мемлекеттік аудит органдарының жеткілікті материалдық-техникалық жабдықталуы ашық мәселе болып қала бермек.

Келесі өзекті мәселелердің бірі, мемлекеттік аудит органдарының жұмысына қаржылық есептілік аудитін енгізу екендігі рас. 2020 жылдан бастап ҚР-ның «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес есеп комитеті республикалық бюджеттің шоғырландырылмалы қаржылық есебіне қорытынды беруі керек. Шетел тәжірибесі көрсетіп кеткендей, тиімділік аудитіне қарағанда қаржылық есептілік аудитіне көп көңіл бөлінеді екен. Дұрыс қаржылық есептілік аса маңызды ақпарат көзі болып табылады. [1]

Елімізде мемлекеттік саладағы қаржылық есептілікке мәнді рөл берілмейді. Қазіргі уақыттың ең маңызды мәселелерінің бірі стратегиялық шешімдердің мемлекет деңгейіндегі мүліктік жағдай туралы детальді ақпараттарынсыз қабылданып жатқандығы болып отыр. Мемлекеттің мүліктік жағдайы туралы құрылымды ақпараттары болып, шоғырландырылған қаржылық есептілік саналады. Сонымен қатар, экономика саласында стратегиялық шешім қабылдауда аталмыш есептілікті талдау (өтімділік, қаржылық тұрақтылық , тиімділік коэффициенттері) зор мәнге ие. Осы мәселелер, қоғамдық саланың Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) толығымен ауыспағандығынан және де активтерді бағалау, қаржылық инвестициялар есебі сияқты мемлекеттік саладағы бухгалтерлік есепте жүйелі мәселелердің бар болуымен тікелей байланысты.

Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған есептіліктерінен тұрады. Олар өз кезегінде жүздеген мекемелердің есептіліктерін қамтиды. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дәйектілігіне көз жеткізу үшін жергілікті деңгейдегі мекемелердің аудитпен қамтамасыз етілуін қадағалау қажет.

Қорытынды. Бүгінгі күні Қазақстанда мемлекеттік аудит жүйесін түбегейлі реформалау және трансформациялау үдерісі жүргізілуде. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге сай келетін, мемлекеттік аудит жүйесін әзірлеу жөнінде іс-қимылдар жүргізілуде. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР-ның заңы қабылданған бастап, аз уақыт ішінде, мемлекеттік аудит саласында біршама маңызды трансформациялау процесстері өтті. Бұл процесстердің маңызды және позитивті жақтарына, реформалардың үздіксіздігі және осы реформаларда жаңа серпілістің пайда болғандығын айта кеткен жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ. (01.01.2020 ж. өзгерістермен)-<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
- 2.Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы. (01.01.2020 ж. өзгерістермен)- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>
- 3.Ержанов М.С., Даулетбаков Г.Б., Байдиқов А.И. Аудит – 1. Учебное пособие.- Алматы: изд-во «Бастау», 2005. - С. 382
- 4.А.М. Кари Анализ проблемных аспектов в процессе формирования системы государственного аудита на современном этапе // Финансово-экономический журнал Государственный аудит.-2019.- №2. – С. 23-29.
5. Дюсембаев К.Ш. Теория аудита. Учебник. – Алматы: 2013. -С.861
- 6.Ә.М. Қари Қазақстанда мемлекеттік аудиттің тиімді ақпараттық жүйесін құрудың мәселелері мен келешегі // Финансово-экономический журнал Государственный аудит.-2016.-№3.-С. 46-49

Koldanylgan adebietter tizimi

- 1.«Memlekettik audit zhane karzhylyk bakylau turaly» Kazakstan Respublikasynyn Zany 2015 zhylygy 12 karashadagy № 392-V KRZ. (01.01.2020 zh. ozgeristermen) (Law of the Republic of
- 2.Kazakhstan On State Audit and Financial Control), <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
- 3.Buhgalterlik esep pen karzhylyk esepilik turaly Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 28 akpandagy N 234 Zany, (01.01.2020 zh. ozgeristermen), (Law of the Republic of Kazakhstan on accounting and financial reporting)- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>
- 4.Erzhhanov M.S., Dauletbaikov G.B., Bajdikov A.I. Audit-1 (Audit-1), Uchebnoe posobie, Almaty: izd-vo «Bastau», 2005, 382 p.
- 5.A.M. Kari Analiz problemnyh aspektov v processe formirovaniya sistemy gosudarstvennogo audita na sovremennom jetape (Analysis of problematic aspects in the process of forming the state audit system at the present stage), *Finansovo-jekonomicheskij zhurnal Gosudarstvennyj audit*, 2019, No.2, 23-29 pp.
- 6.Djusembaev K.Sh., Teorija audita (Audit theory). Uchebник. – Almaty: 2013, 861 p.
- 7.A.M. Kari Kazakstanda memlekettik auditin tiimdi akparattyk zhujesin kurudyn maseleleri men keleshegi (Problems and prospects of creating an effective public audit information system in Kazakhstan), *Finansovo-jekonomicheskij zhurnal Gosudarstvennyj audit*, 2016, No.3, 46-49 pp.



СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА РК

*Г.К. Нурғалиева¹, Л. А. Омарбакиев², У.К. Джақшишева³,
А. К. Низамдинова⁴, М.Б. Сейдуанов⁵

^{1,4,5}Казахский Национальный Университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

² Университет Туран, Алматы, Казахстан

³ Казахский Национальный педагогический Университет им.Абая, Алматы, Казахстан

email: zolota08@mail.ru

Резюме. В статье рассмотрены принципы, компоненты и методы государственного аудита, государственного контроля в Республике Казахстан. В условиях глобализации потребность в различных государственных механизмах, государственном контроле над социально-экономическими системами в развитии экономики Республики Казахстан растет день ото дня. Преимущества государственного аудита - правильная реализация экономической политики и эффективное управление бюджетными средствами государства.

Основная цель статьи - не критика действий, предпринимаемых в сфере государственного аудита, а попытка структурировать и урегулировать актуальные вопросы в этой сфере.

Ключевые слова: Счетный комитет, государственный аудит, государственный финансовый контроль, ревизионные комиссии, бюджетные средства, государственные органы, квазигосударственный сектор, служба внутреннего аудита, внутренний финансовый контроль, мониторинг, ревизия.

CONDITIONS FOR THE DEVELOPMENT OF STATE AUDIT IN KAZAKHSTAN

*G.K. Nurgaliyeva¹, L.A. Omarbakiyev², U.K. Dzjakysheva³,
A.K. Nizamdinova⁴, M.B. Seiduanov⁵

^{1,4,5} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

² Turan University, Almaty, Kazakhstan,

³ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,

email: zolota08@mail.ru

Summary. The article discusses the principles, components and methods of government audit, government control in the Republic of Kazakhstan. In the context of globalization, the need for various state mechanisms, state control over socio-economic systems in the development of the economy of the Republic of Kazakhstan is growing day by day. The advantages of state audit are the correct implementation of economic policy and effective management of state budget funds.

The main purpose of the article is not to criticize the actions taken in this direction, but rather to try to structure and regulate the current issues in this area.

Key words: Accounts Committee, State Audit, State Financial Control, Audit Commissions, Budget Funds, Government Agencies, Quasi-Public Sector, Internal Audit Service, Internal Financial Control, Monitoring, Audit.

МРНТИ 06.35.31

УДК 657 (075.8)

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-1.05>

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ҮЙЛЕСТІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕП ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.С.Сапарбаева^{1*}, Ж.М. Жумағалиева², Б.О. Туребекова³

^{1,2}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³Қазақ технология және бизнес университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

e-mail: saulet71@mail.ru

Түйін. Мақалада қаржылық есептілік халықаралық стандарттарының есеп жүйесін стандарттандырау және үйлестіру маңызды элементі ретінде орны мен маңызы қарастырылады. Үйлестіру әр елдің бухгалтерлік есеп стандарттарының қозғамдастыққа мүше елдердегі ұқсас стандарттарға сәйкес келуін, яғни бір-біріне қатысты «үйлесімділікті» білдіреді. Бухгалтерлік есеп процедураларын стандарттау деп кез-келген елде қолданатын стандарттардың бірыңғай жасынтығын жасау танылады, оның нәтижесінде ұлттық стандарттарды құрудың қажеті жойылады.

Зерттеу барысында заманауи ұйымдардағы есеп қызметін стандарттау жолымен қаржылық есептілікті үйлестірудің қазіргі жай-күйі, қорытындылары мен перспективалары танылды; отандық ұйымдардың қазіргі кезеңдегі қаржылық есептілігін үйлестірудің проблемалары мен оларды шешу жолдары анықталды.